

Ауылда мешіт ашылды

Жақында Жанкелдин ауданының Жаркөл ауылында жаңадан салынған мешіттің салтанатты ашылуы болып өтті.

Ауыл мешітін елдің азаматтары бірігіп салған. Дәл осы уақытта Торғайдағы Оспан қожа мешітінің 25 жылдығына келген құрметті қонақтар да жаркөлдiктердiң қуанышына ортақтасып, жылы лебiздерiн бiлдiрiп кеттi.

Мешіттің ашылу салтанатында Қостанай облысының өкіл имамы Бақытбек қажы Нұрғабылұлы сөз сөйлеп, айтыскер Мұхтар Ниязов арнау айтты. Ауылдағы іскер азаматтар ас берді.

Ол жерде де Торғай өңірінің құрметті, беделді ел ағалары құттықтау сөздерін арнады. Астың соңы елге танымал ақындардың айтысына, сондай-ақ Біржан Жүзбай бастап келген өнерпаздардың ән-күйіне ұласты. Облыс имамы өз жұмысын жиіп қойып, құрылыстың басы-қасында жүріп, ұйымдастырған Бақыт Қабдырашты алғыс хатпен марапаттап, ауыл жастары шапан жапты.

Айта кетуге болады, жаңа мешіт ауылға көрік беріп тұр. Жалпы Жаркөл ауылы соңғы кездері ажарланып, көркейіп келеді.

Жоғалған қылмыстық істер қалпына келтіріліп жатыр

Жоғалған 3,5 мың қылмыстық істің ішінде бір бөлігі қалпына келтірілді. Бұл туралы Парламент Мәжілісінде ҚР Бас прокурорының орынбасары Марат Ахметжанов мәлім етті, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

Мұндай мәлімдеме «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқықтық қорғау қызметінің процестік негіздерін жаңғырту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын таныстыру барысында айтылды.

«Жоғалған қылмыстық істер архивтерде және басқа да жерлерде болуы мүмкін. Бұл негізінен шешім қабылданбаған әрі уақытша тоқтатылған істер. Жалпы, осындай 3,5 мың іс анықталды. Кейбір жоғалтылған істер қалпына келтіріліп, бірқатар фактілер бойынша қылмыстық істер қозғалды», - деді Марат Ахметжанов.

Оның сөзіне қарағанда, тергеуші қызметінен кеткен кезде басқа тергеушіге тапсырмауына байланысты қылмыстық істер назардан тыс қалуы мүмкін.

Бас прокурор орынбасарының атап өтуінше, салаға электрондық жүйені енгізу жұмыстары толық іске асырылғаннан кейін, құжаттардың жоғалуына жол берілмейді. Бұдан бұрын хабарланғандай, істі электрондық түрде түргізуге болады.

Алдымен, цифрлы формат адамның құқығын қорғауды нығайтады. Себебі барлық процесс алақандағыдай көрініп тұрады. Бастысы - сот пен прокурордың бақылауы артады. Енді жасыру, жалған құжат жасау деген мүмкін емес. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық пен қызмет бабын теріс пайдалану фактілері де азаяды. Бұл - цифрландырудың ең басты мақсаты.

«Электронды іс жүргізуге көшкен кезде біраз ұйымдастыру шаралары жойылады. Бір жалырақ құжат алу үшін қазіргі тәртіпке сай үш тәулік өтеді, ал енді соның барлығын бір сағатта ұйымдастыруға болады. Бұл ретте тергеушінің уақытын үнемдейді, аса ауыр қылмыстарға көбірек назар аударуға мүмкіндік беріледі», - деді Марат Ахметжанов.

ҚазАқпарат

Гендерлік саясат - мемлекеттің әлеуметтік саясатының құрамдас бөлігі

Бүгінгі күні Қазақстанда гендерлік және отбасылық демографиялық саясаттың интегралды институционалды жүйесі қалыптасты, елеулі құқықтық негіз құрылды.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан гендерлік саясатты жүзеге асыруда белгілі бір жетістікке қол жеткізді. Ең алдымен, ол әйелдердің әлеуетін мақсатты түрде дамытуда өз көрінісін тапты, еңбек қызметі, бизнесте ерлер мен әйелдердің тең көрінісі үшін жағдай жасау, саясат пен мемлекеттік басқару, әйелдердің сапалы білімге және денсаулық сақтауға тең қол жеткізуін қалыптастыру, сондай-ақ ананы кешенді қорғау. БҰҰ-ның әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою жөніндегі комитетінің гендерлік заңдарды қабылдау туралы ұсыныстары келтірген «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының, және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» және «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» нормативтік құқықтық актілердің қоғамдық мониторингі институты енгізілді. Заңнама мен практикаға талдау жасауға қатысу үшін азаматтық қоғам өкілдері тұрақты және уақытша консультациялық сайттар мен сараптамалық топтардың жұмысына қатысады, Ұлттық Комиссияның құрамына 11 тұрақты жұмыс тобы қосылды.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан әйелдерінің мәртебесі мен құқықтары туралы бірқатар негізгі халықаралық шарттарға қосылды және ратификациялады. Ағымдағы жылдың ақпан айында Женева-БҰҰ-ның әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою жөніндегі БҰҰ комитетінде кемсітушілікті жою туралы конвенцияны жүзеге асыру туралы үшінші және төртінші әйелдерге қатысты кезеңдік баяндамаларды табысты етті. «2006-2016 жылдарға арналған ҚР-дағы гендерлік теңдік стратегиясы» саяси құжатында баяндалған мақсаттар мен міндеттер нақты жетістіктерге, сонымен қатар нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді. Бұл маңызды рөл Елбасымыз төрағалық еткен Әйелдер



және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссияға тиесілі.

Барлық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспары гендерлік төлемдердің біртіндеп төмендеуін көздейді, мұнда 2016 жылға қарай әйелдердің орташа жалақысының 70%-ын және ерлердің жалақысының 80%-ын 2020 жылға дейін жоспарланып отыр. Қазақстанның іскер әйелдер Ассоциациясы сияқты үкіметтік емес ұйымдардың саны Қазақстан әйел-кәсіпкерлер одағы, Республикалық әйелдер кеңесі, даму және бейімдеу әйелдер қауымдастығы және басқа да әйелдер, өз кәсіпорындарын құруға ұмтылады. Олар консультациялар және тренингтер жүргізеді, несие мәселелері бойынша көмек көрсетеді. Осылайша, іскерлік мәдениеттің жалпы деңгейін көтеру және кәсіпкерлікті ынталандыру үшін ауқымды жұмыс бастамалары жүргізілуде.

Қазақстан бастамашысы болған түрлі форумдарда әйелдер үшін сұхбат алаңдары ашылды. Әсіресе, 2050 жылға дейінгі әлеуметтік саясаттың ең маңызды қағидаларының бірі екендігі атап айтылатын Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес,

«Қазақстан-2050 стратегиясы» жаңа саяси бағыты - мемлекеттің ананы қорғауы болып табылады.

Қазақстан халқының қоғамдық санасында бизнесті жүргізудегі қиындықтарды жеңе отырып, тең дәрежедегі бизнес әйелдің имиджін нығайтады. Бұл 2009 жылдан бері жүзеге асырылып жатқан әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға арналған микрокредит беру бағдарламасының арқасында мүмкін болды.

Айта кету керек, әйелдердің өкілді органдарда болуының артып келе жатқандығы байқалады. Бұл әлемдік тәжірибе әйелдердің қоғамдық өмірге ерекше үлес қосқанын растайды. Сондай-ақ көптеген зерттеулердің нәтижелері әйелдердің жоғары бейімделуін, қиындықтарға төтеп беретіндіктерін, қиын жағдайларда жұмыс істеу қабілетін растайды. Балалары мен олардың елінің болашағы үшін жауапкершілік мемлекет пен қоғам тарапынан талап етілуі керек. Ерлер мен әйелдердің құқықтары мен заңды мүдделерін

қорғау саласындағы көптеген мәселелер мен мәселелерді шешу осы саладағы мемлекеттің жағдайына және тиімділігіне байланысты болады.

Қазіргі жағдайда гендерлік теңдік мәселелері өзекті болып табылады және маңызды әлеуметтік мәселелердің бірі болып отыр. Бұл дегеніміз, ұзақ мерзімді перспективада мемлекеттің тарапынан айқын әрі үйлестірілген жұмыс үшін үлкен күш-жігер жұмсау қажеттігін, сонымен қатар қоғамда ерлер мен әйелдер үшін тең мүмкіндіктерге қол жеткізудің тиімді механизмдерін іске асырудың қажеттігін айқындайды.

Біздің ел гендерлік саясатты іске асыру бағытында нақты қадамдар жасады, өйткені гендерлік саясат, ең алдымен, мемлекеттің әлеуметтік саясатының құрамдас бөлігі. Әйелдердің саясатқа араласуы ер адамдарға және елдегі жағдайды жақсартуға көмектеседі.

Гүлнара АБДРАХИМОВА,
Қостанай облысы көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының кеңсе меңгерушісі

Академияның салтанатты іс-шарасы

Өткен бейсенбіде «Мирас» мәдениет үйінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының ІІ-ші үздіктер слеті мен бірінші курс курсанттарының оқуға қабылдану рәсіміне арналған салтанатты іс-шара болып өтті.

Аталмыш ауқымды іс-шараға Академия басшылығы, кафедра бастықтары, профессорлық-оқытушылық құрам, курстық звено, 1-курс оқу топтарының жетекшілері, үздік түлектер, 1-4 курс курсанттары және Академия курсанттарының ата-аналары қатысты.

Іс-шараның бірінші бөлігінде Академияның қоғамдық өміріне белсене ат салысқан, оқуда үздік нәтиже көрсеткен, ғылыми шығармашылық жетістіктерге жетіп, жоғары белестерден

көріне білген, білімге ұмтылған, Академиямыздың беделін көтеру үшін табанды түрде еңбек еткен оқу озаттарын марапаттау рәсімі болды. Оқу орнымызда бүгінгі күні осынау еңбектері үшін мақтан тұтарлық 60 оқу үздігі бар. Олардың саны жылдан-жылға өсетініне сенімдіміз. Академиямызда сапалы білімнің маңызын ұғынған осындай курсанттардың болуын мақтан етеміз. Оқу үздіктерін Қостанай академиясының бастығы, профессор, полиция генерал-майоры Мирлан Ахмедияұлы Қызылов жылы лебізбен тілектерін білдіріп, құттықтап өтті. Оқу үздіктерін марапаттаумен қатар, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі полиция генерал-полковнигі Қ. Қасымовтың бұйрығымен бекітілген оқудағы үздік жетістіктер, сондай-ақ ғылыми және қоғамдық жұмысқа белсенді қатысқаны үшін 4-курс курсанттары

полиция сержанты Шемет Татьяна, полиция сержанты Талғатқызы Ақерке, полиция сержанты Каирбулатова Аида, полиция кіші сержанты Ильясов Руслан және полиция қатарындағы Жунисова Индира «Оқу орнының үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

Салтанатты іс-шараның екінші бөлігі бірінші курс курсанттарының тұсаукесеріне арналды. Қоңырау үніне селт етіп, сабақтың аяқталуы мен басталуын шатастырып, қысқа мерзімде оқытушылардың аты-жөндерін және жүздерін жаттауға тырысқан, ведомстволық оқу орнына енді ғана бейімделіп келе жатқан бірінші курс курсанттарына 4-курс оқу үздіктері полиция сержанты Шемет Татьяна мен полиция кіші сержанты Ильясов Руслан үндеу жолдады. Әрбір курсанттың біздің ЖОО-ның қабырғасында алынған қажырлы еңбегі

мен сапалы білімі, жоғары рухани құндылықтары және жеке адамгершілік сапалары, қоғамдық қауіпсіздікті және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша өзінші міндеттерін сапалы және тиімді орындау кезінде септігін тигізетініне, лайықты дәрежедегі кәсіпқой-маманның дайындығын қамтамасыз ететініне және қабілетті болатынына сенім білдіріп, оқуда озат болуға шақырды.

Мерекелік кешіміздің қонақтары, Академия қабырғасында білім алып жүрген курсанттардың ата-аналары да алғыстарын жаудырып, тілектерін білдірді. Осындай тамаша мерекелік кешке уақытын бөліп келіп отырған ата-аналарға біз өрине, қуаныштымыз. Сондай-ақ, Академиямыздың 2016 жылғы түлегі, алғашқы офицерлік шенін елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың қолынан алған Нұрсұлтан Есенгельдина



іс-шараға арнайы келіп, кешіміздің қонағы болды. Ал, 2017 жылы арнайы атақты Президент қолынан алған Академия түлегі Бисагимова Айгүл іс-шараға арнайы келе алмаса да, бірінші курс курсанттарына жолдаған бейнежазбасын тамашаладық. «Курсант» деген атаққа ие болып, Академияда білім алғанын мақтан тұтты.

Салтанатты іс-шараны «Парасатты полицей» Республикалық конкурсіне қатысушы офицерлер барлық

курсанттардың патриоттық сезімін оятқан «Қазақстан полициясы» әнімен аяқтады.

Осындай үлкен, айтулы іс-шараны ұйымдастырып, оған ат салысып қатысқан жандарға алғысымыз шексіз. Осы кеш барысында айтылып кеткен барлық ерекше сезімдегі алғыстар мен тілектер қабыл болсын демекпіз.

Мейрам ОСПАНОВ,
Э. КАНАТЧИНА,
Академияның баспасөз қызметі

Криминалистика және арнайы техника циклының апталығы

WhatsApp арқылы бақылап отырады

Жоғары деңгейдегі кәсіби білім берудің бірден-бір шарты – сапалы білім беру. Соңғы жылдарда елімізде қылмыстың өршуі, оның ішінде аса қауіпті қылмыстардың жасалу саны одан әрі өсуде.

Бұл жәйт құқық қорғау органдары жұмысының жақсартылуын, қылмысты ашуда тергеудің нәтижелі жүргізілуін және тиімді тәсілдердің жан-жақты пайдаланылуын талап етеді.

Криминалистика тергеу және басқа құқық қорғау органдары жұмысының іскерлігін арттыруға үлкен әсер етеді, өйткені криминалистика тергеу тәжірибесін талдап, қорыту арқылы, қылмысты ашуға бейім тәсілдерді тауып, оларды қолдану үшін керекті техникалық құралдарды тергеу қызметкерлеріне дайындап береді. Қылмыстық оқиға бір адамның немесе бірнеше адамдардың белгілі бір әрекет қимылдарынан тұрады. Сондықтан қылмыс қандай жедел жасалса да ол айналадағы ортаға әсер етіп, сол қылмыс жасалған жерде көптеген іздер қалдырады.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Оқу орталығының (Қостанай қаласы) криминалистика және арнайы техника циклында 2017 жылғы 2 – 9 қазан аралығында менің басшылығыммен цикл оқытушылары полиция майоры З. Байтүреева мен полиция аға лейтенанты Ш. Жиеншанова ұйымдастырған циклдың апталығы өтті. Конференция, викторина, дөңгелек үстел, сынақ емтихан, дәріс, семинар, тәжірибелік сабақтарға біз Қостанай облысы ІІД ЖКБ-ның, Қостанай ҚІІБ ОПБ ЖКТ, КБ-нің тәжірибелі қызметкерлерін тарттық. Жалпы біз олармен тығыз қарым-қатынастамыз, осындай іс-шараларға жұмылдырып отырамыз.

2017 жылғы 2 қазанда Қостанай облысы ІІД ЖКБ жылжымалы криминалистикалық зертханасымен (ЖКЗ) арнайы алғашқы оқыту курсының 1, 2, 3, 4 және 5-взвод тағылымдамашылары таныстырылды. Жылжымалы криминалистикалық зертханасымен (ЖКЗ) таныстыру үшін, ІІД ЖКБ-ның мамандары: Қостанай облысы ІІД ЖКБ-ның қызметкерлері Қостанай облысы ІІД ЖКБ-ның бастығы полиция подполковнигі И. Ұрұмбаев., Қостанай облысы ІІД ЖКБ бастығының орынбасары полиция полковнигі С. Айтуаров., Қостанай облысы ІІД ЖКБ-ның бөлімше бастығы полиция подполковнигі А. Брылевский шақыртылып келген болатын.

Жылжымалы криминалистикалық зертхана (ЖКЗ) – оқиға болған жердегі криминалистика өндірісті зерттеуге арналған аспаптар мен аппаратуралар кешені орналасқан арнаулы мақсаттағы автомобиль. ЖКЗ-ны жедел-іздігіне тобы қоса алып жүруге арналған арнайы автомобильдер ретінде де пайдаланады. ЖКЗ: заттық дәлелдемелерді табуға, белгілеуге және алуға арналған ғылыми-техникалық құралдардың жиынтығы (бірыңғайланған чемодан); іздеу құралдары; жарық беру көздері (220 Вт генератор, іздегіш электр шамдары (ультрақұлгін сәулелі); фото-бейне кешендері; іздеудегі тұлғалардың субъективтік бейнесін құруға арналған жиынтық; заттық дәлелдемелерді анықтауға, жинауға арналған құрал-саймандар жиынтығы; заттық дәлелдемелерді, оның ішінде мәйітті қаптауға арналған материалдар жиынтығы; байланыс құралдарымен, сондай-ақ салонда тергеушінің жауап алуына, қажетті құжаттарды толтыруына арналған жұмыс орны жабдықталған.



Тағылымдамашылар криминалистикада қолданылатын техникалық құрал түрлерімен таныстырылды.

Келесі күні, 3 қазанда криминалистика және арнайы техника циклының оқытушыларының ұйымдастыруымен арнайы алғашқы оқыту курсының 2, 3, 4, 5-взвод тағылымдамашылары арасында «Адамның сыртқы келбеті туралы криминалистикалық ілім» тақырыбы бойынша конференция өтті, конференцияда тағылымдамашылар баяндамаларын оқып, талқылады.

4 қазанда Қостанай қаласы Оңтүстік полиция бөлімінің жедел криминалистика тобының тәжірибелі қызметкері «Адамның сыртқы келбетінің белгілері мен элементтері жүйесі. «Аузша суреттеу» тақырыбы бойынша кездесу өткізді. ОПБ-нің жедел криминалистика тобының полиция майоры Азамат Қобыландыұлы Есенғазин: адамның сыртқы келбеті өзіндік және жанамалы деп екі топқа бөлінетін элементтер (бөліктер) қатарынан тұратындығын атап өтіп, өзіндік бөліктер нақты бір адамға тиесілі болса, ал жанамалылар оның сыртқы келбетін тек қана қосымша сипаттайтындығына назар аударды.

Тәжірибелі қызметкерге тағылымдамашылар сұрақтар қойды, полиция майоры А. Есенғазин барлық сұрақтарға тәжірибеден мысалдар келтіріп, жауап берді. Тағылымдамашыларға тәжірибелі қызметкермен кездесу ұнады, барлық сұрақтарына жауап алды, ризалықтарын білдірді.

2017 жылғы 5 қазанда 2-3-взвод тағылымдамашыларымен криминалистика және арнайы техника циклының оқытушысы полиция аға лейтенанты Ш. Жиеншенованың «Адамның сыртқы белгілерін криминалистикалық зерттеу (габитология)» тақырыбы бойынша ашық дәріс сабағы өтті. Ашық сабаққа: Оқу орталығы оқу тобының аға инспекторы, цикл бастықтары, аға кітапханашы, цикл оқытушылары қатысты.

Дүйсенбіде, 9 қазанда 1, 2, 3, 4, 5-взвод тағылымдамашылары арасында «Габитоскопия» тақырыбы бойынша викторина өтті. Габитоскопия немесе Габитология – адамның сыртқы келбетін бейнелейтін элементтер мен белгілерді зерттейтін криминалистиканың саласы. Викторинаның қорытындысы бойынша 1-орынға 2-взвод, 2-орынға 1-взвод, 3-орынға 3-взвод ие болды. Ат салысқан тағылымдамашылар мадақтама грамотасымен марапатталды.

**Мереке ҒАЛИЕВА,
ҚР ІІМ Оқу орталығы
Криминалистика және арнайы
техника циклының бастығы
полиция майоры**

Бостандыққа шыққандардың үштен бірі қайта қылмыс жасайды

Жыл сайын Қазақстан колонияларынан 10 мыңнан астам адам босатылады. Бұл туралы Парламент Мәжілісіндегі Үкімет сағатында ҚР Ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымов мәлім етті, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

«Пенитенциарлық пробацияға тоқталатын болсақ, оған жазаны өтеу мерзімі аяқталуына бір жыл уақыты қалған сотталғандар жатады. Мекеменің

әкімшілігі әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету бойынша арнайы жеке бағдарламаны құрады, нақты сотталған адаммен тиісті жұмысты бастайды, босатылуға дайындалады. Осы орайда тәрбиелік шаралар жүргізіліп, құқықтары мен міндеттемелері түсіндіріледі. Сонымен қатар туыстық және әлеуметтік байланыстарын қалпына келтіру, әлеуметтік қызметтер алу қажеттілігі туралы ниеті қаралады», - деді министр.

Оның айтуынша, бұл тұрғыда қамтылған мәселелердің барлығы алдын ала бекітілген тәртіпте әкімдіктерге, полицияға және пробация

қызметіне хабарланады. Осы бағытта шаралар өте маңызды екеніне тоқталған Қасымов: «Жыл сайын елімізде колониялардан 10 мыңнан астам азамат босатылады. Олардың үштен біріне жуығы бостандыққа шыққаннан кейін қайта қылмыс жасайды», - деді.

Ведомство бастығының сөзіне қарағанда, колонияларда сотталғандардың жалпы орта және кәсіби білім алулары үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. Мекемелерде 53 жалпы білім беретін мектеп жұмыс істеуді. 47 кәсіби колледждің базасында 35 жұмыс мамандықтары бойынша оқыту жүргізіледі.

Пробация қызметі қызметкерлеріне шартты түрде сотталғандарды, мерзімінен бұрын босатылғандарды, бас бостандығын шектеуге үкім шығарылғандарды WhatsApp мобильді қосымшасы арқылы бақылап отыруына рұқсат етілді, деп хабарлайды «ҚазАқпарат» ХАА тілшісі.

Сотталған тұлғаның ұялы телефонындағы осы қосымшаға «Сіз қай жердесіз?» деп жазып және өзінің сол кездегі суретін жіберуін сұрап хабарлама жолдау пробация қызметі қызметкерінің өзі бару тәжірибесін ауыстыруға мүмкіндік береді.

Бұрын пробация қызметі қызметкерлері Парламент Мәжілісінің депутаты Гүлнара Бижановаға есепте тұрған азаматтарды қоғамдық көлікте жүріп тексеру үшін жолақыға ақша жетпейтінін айтып шағымданған болатын. Олардың сөзіне қарағанда, бұған күніне мың теңгеге дейін ақшасы кетеді. Пробация қызметі депутаттан аймақтық қызметкерлерге қызметтік көлік бөлуге көмектесуін өтінген. Бірақ бұл мәселе әлі күнге шешімін тапқан жоқ. Есепте тұратын азаматтарды бақылауға жұмсалатын өз қаржысы мен уақытын үнемдеу мақсатында пробация қызметкерлері мен прокурорлар өз жұмысына мобильді қосымшаны енгізді.

Ал егер есепте тұратын тұлғаның WhatsApp-ы болмаса, пробация қызметкері оның тұратын жеріне баруына тура келеді. «Қашықтықтан видеобақылау» жобасы Қарқаралы ауданының прокуратурасы тарапынан жүзеге асырылуда. Қарқаралы аудандық пробация қызметінің есебінде 51 адам тұр. Соның 8-ін қашықтықтан бақылап отырмыз. Өткен 4 ай ішінде олар құқықбұзушылық немесе қылмыс жасаған жоқ», - дейді Қарағанды облыстық прокуратурасының баспасөз хатшысы Нұрлан Әбжанов.

СОТ ЗАЛЫНАН

16 жыл құжатсыз өмір сүрген

Арқалықта сот 16 жыл құжатсыз өмір сүрген қыз баланың тууы туралы заңды деректі анықтады.

Арқалық қалалық соты 2000 жылғы 23 желтоқсанда Арқалықта П. Татьянаның туғандығы туралы заңды деректі анықтады. Адамның тууы туралы заңды деректі бекіту туралы шағыммен сотқа «Арқалық қалалық әкімдігінің білім бөлімі» қызметкерлері жүгінген.

Татьяна П. он алты жыл бойы туу туралы куәліксіз өмір сүрген. Үй жағдайында дүниеге келген қыздың анасы баласын тіркеу және құжат алу үшін тиісті органдарға бармаған. Туу туралы заңды деректі анықтау жеке құжат алу үшін қажет.

Татьянаны апасы тәрбиелеп отыр, мектепке барады. Бүгінде анасының тұрғылықты жері белгісіз.

Істі қарау нәтижесінде сот «Арқалық қалалық әкімдігінің білім бөлімі» қызметкерлерінің заңды деректі анықтау туралы шағымын қанағаттандырды.

Мұнай өнімін құжатсыз сақтап...

1612 литр дизель отынын құжатсыз сақтаған Қарабалық ауданының тұрғыны 100 сағат қоғамдық жұмысқа тартылды.

Қарабалық аудандық соты аталмыш ауданның Елшан ауылының 40 жастағы тұрғынына қатысты ҚР ҚК 197-бабы 1-бөлігі бойынша (мұнайдың және мұнай өнімдерінің шығарылу заңдылығын растайтын құжаттарсыз оларды тасымалдау, иемдену, өткізу, сақтау) сот үкімін шығарды.

Іс материалдары бойынша, ағымдағы жылдың 11 қыркүйегінде Қарабалық ауданының Елшан ауылының маңында азамат К. анықталмаған тұлғадан 1612 литр көлемінде ДТ-Л-К2 маркалы жазғы дизель отынын 168 мың теңгеге сатып алған. Шығарылу заңдылығын растайтын құжаты жоқ мұнай өнімін өз үйінің ауласында темір ыдыстарда сақтаған.

Келесі күні дизель отынын әрі қарай өткізу мақсатында «ЗИЛ» маркалы көлігіне тиіп Челябин облысының Троицк қаласына апармақ болған.

Алайда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан өтпек болғанда Қарабалық ауданындағы «Қайрақ» кеден бекетінде ұсталған.

Сот үкімімен К. қылмыстық құқық бұзушылықта айыпты деп танылып, 100 сағат қоғамдық жұмысқа тарту жазасы тағайындалды. Сонымен қатар дизель отыны мемлекет пайдасына тәркіленді.

Сот үкімі заңды күшіне енген жоқ.

**Қостанай облыстық сотының
баспасөз қызметі**